

Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша баспасөз релизі

Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, Теректі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ және «Бөрлі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ-де жергілікті бюджетке түсетін салықтар мен басқа да міндетті түсімдерді алудын толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтаруға, есепке жазудың дұрыстығына және салықтық әкімшілендіруге мемлекеттік аудит жүргізілді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесінде барлығы 37 835,5 мың теңгеге Қазақстан Республикасының салықтық және өзге де заңнама талаптары сақталмағандығы анықталды және жергілікті бюджетке өтелуге жатады, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 2 бірлікті құрайды. Аудит барысында және тексеру комиссиясының отырысына дейін 31 625,6 мың теңгесі өтелді.

БҚО бойынша Тексеру комиссиясының отырысы нәтижесінде тиісті қаулы қабылданып, «Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті» РММ, «Теректі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ және «Бөрлі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ-ге анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларға ықпал ететін себептерді, жағдайларды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылық шараларын қолдану туралы тиісті Нұсқамалар жіберілді.

Толығырақ ақпаратты Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының веб-сайтының «Комиссияның қызметі-Аудиторлық іс-әрекет» бөлімінен табуға болады.